



Қазақстан қор биржасы
Казахстанская фондовая биржа
Kazakhstan Stock Exchange

Республика Казахстан, г. Алматы
БЦ "Алматы Тауэрс", 8 этаж
Тел.: +7 (727) 237 5342, email: pr@kase.kz

БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қаласы

2026 жылғы 20 мамыр

KASE 001 нөмірімен цифрлық активтер платформасының алғашқы операторы мәртебесін алды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – KASE, Биржа) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің Биржа туралы мәліметті 001 тіркеу нөмірімен цифрлық платформалар операторларының тізілімдеріне енгізгенін хабарлайды. Осылайша, KASE цифрлық активтер нарығының реттелетін инфрақұрылымының ресми бөлігіне айналды:

цифрлық қаржылық активтер платформасының операторы (тіркеу нөмірі – 001);
цифрлық активтермен сауда-саттық платформасының операторы (тіркеу нөмірі – 001).

KASE-нің тізілімдерге алғашқы нөмірлермен енгізілуі Биржаның Қазақстан Республикасында қалыптасып келе жатқан цифрлық қаржылық активтер нарығының реттелетін инфрақұрылымының базалық элементтерінің бірі ретінде танылғанын білдіреді.

Қор биржасы заңнамаға сәйкес белгіленген талаптарды сақтай отырып, ЦҚА платформасының операторы және цифрлық активтермен сауда-саттық платформасының операторы қызметін жүзеге асыруға құқылы. Ұлттық Банктің тізілімдерді қалыптастырып, жүргізуі нарықтың айқын құрылымын қамтамасыз етеді және реттелетін цифрлық инфрақұрылым қатысушыларын тіркейді.

"KASE-нің цифрлық платформалар операторларының тізілімдеріне алғашқы тіркеу нөмірлерімен енгізілуі Биржаның Қазақстандағы цифрлық қаржылық активтер нарығының реттелетін инфрақұрылымын қалыптастырудағы стратегиялық рөлін растайды. Бұл – дәстүрлі биржалық сараптама жаңа технологиялық шешімдермен бірігетін цифрлық активтердің айқын әрі қауіпсіз нарығын дамыту жолындағы маңызды қадам", – деп атап өтті KASE Басқарма төрағасы Әділ Мұхамеджанов.

KASE Қазақстанның реттелетін нарықтық инфрақұрылымында цифрлық қаржылық активтерді шығару, айналысқа енгізу және олармен сауда-саттықты ұйымдастыру қызметін атқаратын болады.

Анықтама үшін:

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) – Орта Азия өңіріндегі жетекші қор биржасы. KASE бағалы қағаздармен жасалған сауда-саттық көлемі жөнінен ТМД биржалары

арасында екінші орында және акция нарығын капиталдандыру жөнінен FEAS биржалары арасында төртінші орында (2024 жылдың қорытындысы бойынша).

Ол – корпоративтік және мемлекеттік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары, шетел валютасы, ақша нарығындағы репо және своп операциялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы. KASE – Халықаралық биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азия қор биржалары федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі, сондай-ақ БҰҰ-ның "Қор биржалары орнықты даму үшін" бастамасына қатысушы.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (Ұлттық Банк) – еліміздің орталық банкі, банк жүйесінің жоғарғы (бірінші) деңгейін білдіреді. Ерекше құқықтық мәртебесі бар Қазақстан Даму Банкін қоспағанда, барлық өзге банк банк жүйесінің төменгі (екінші) деңгейін білдіреді.

Ұлттық Банк өз құзыреті шегінде басқа елдердің орталық банктерімен және банктерімен, халықаралық банктермен және өзге қаржы-кредит ұйымдарымен қатынаста Қазақстан Республикасының мүддесін білдіреді.

Ол Қазақстан Республикасының Президентіне есеп береді, алайда заңнамаға сәйкес өзіне берілген өкілеттік шегінде өз қызметінде тәуелсіз болып табылады.

ҚР Ұлттық Банкінің ресми тізілімдемелерімен төмендегі сілтеме бойынша танысуға болады: <https://nationalbank.kz/ru/page/trading-platform-operators>
<https://nationalbank.kz/ru/page/digital-asset-platform-operators>.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz.